

## КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІНЕ

*Авторы: Аркинова Ж., «Информатика» мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Даулетбаева Г.Б., ж.ғ.м., аға оқытушы*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

«Білімнен жақсырақ қазына болмас, ол бір бұлақ суы сарқылмас» деп А.Рудакий айтқандай, білім мемлекетіміздің көркеюіне септігін тигізетін жалғыз асыл қазыналардың бірі болып табылады. Осы тақырыпта сөз қозғай отырып, білімнің қоғамдағы орны ерекше екенін көруге болады. Мұғалім білім беруші, болашақ ұрпақты тәрбиелеуші, бір сөзбен айтқанда еліміздің ертеңі үшін жауапты адамадрға бағыт көрсетуші ұлы тұлға. Баланы оқытудың басты мақсаты – оны әрі қарай мұғалімнің көмегінсізак дамытуға қабілетті ету. Бұл білім берушілердің жоғары деңгейдегі жауап кершілікті талап ететін жағдай. Білім беру барысында мұғалімнің әрбір әрекеті маңызды, атап айтқанда сабақ жүргізіу тәсілі, түсіндіре алу қабілеті мен сабақ соғында бағалай алу қабілеттері. Білім күнделікті ізденісті талап етеді, өйткені ол таусылмайтын бұлақ , бағалы қазына. Уақыт бір орында тұрмайды, осы ағымда заман өзгеріп отыр. Ал заман өзгерген сайын, қоғамымызда түрлі бағыттарда көптеген өзгерістер орын алып жатыр. Соның ішінде бағалау жүйесі маңызды орын алады. Жалпы бағалау дегеніміз – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, яғни оқушының алған білімін тексеріп оның нәтижелі болуына ықпал етуші фактор [1]. Бағалау баланың білім деңгейін, қызығушылығын және сенімділігін арттырады. Баланың күнделікті іс – әрекеттерін бағалап, мадақтап отыру олардың сабақтағы белсенділігін арттыруға көмектеседі. Қазіргі таңда бағалаудың көптеген түрлері дамыған. Олардың арасында кең қолданыс тапқан, жаңа бағалау түрі критериалды бағалау. Критерий – белгіленген талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау барсында шешім қабылдау ережесі немесе белгісі. Критериалды бағалаудың өзі бірнеше түрлерге бөлінеді.

Қалыптастырушы бағалау, ішкі жиынтық бағалау, сыртқы жиынтық бағалау және модерация. Критериалды бағалауды білім беру мекемелеріне енгізудегі мақсат оқыту сапасын жоғарылату, білім алушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру болып табылады. Сонымен қатар оның ерекшеліктері анықталған. Критериалды бағалаудың басты ерекшеліктеріне жататындар: алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы, айқындылығы және анықтылығы, бағаның әділдігі, білім алушының өзін өзі бағалауына мүмкіндік берілуі. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалау жүйесінен қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсартуға бағытталған болса, ал жиынтық бағалау мақсатты баға қою және оқытудың алға жылжуын, оқыту қортындысын шығару үшін қажет. Критерийлер тапсырмалардың дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал сол көрсеткіш бойынша оқушының

мақсатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтауға болады [2]. Сабақты топтық тапсырмалар арқылы беру арқылы белсенді өткізу мақсатқа сапалы жетуге көмектеседі. Жеке жұмыстарға қарағанда топтық тапсырмалар баланың ойлау қабілетін жоғарылатып, қызығушылығын арттырады және қарым – қатынасын нығайтады. Бұл жерде оқушылар өзін өзі бағалай алады, бірін- бірі бағалайды және топтық бағалауды үйренеді. Бағалау барысында балалар бағаны қандай критерий бойынша алғанын және келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін біледі. Бұл бағытта оқушының жеке басы емес оның істеген іс әрекеті бағаланады. Мұғалімнің өзі оқушыларды бірнеше түрде бағалай алады. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға көмектеседі. Бұрынғы 5 балдық жүйе арқылы бағалау барысында оқушылар өздерінің деңгейін анық біле алмайтын. Яғни олар бағалау олар бағалау процесіне толық қатыспайды. Бағалау термині латын тілінен аударғанда жақын отыру деген мағынаны білдіреді. Ия , бұл кездейсоқ жағдай емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып отырғанын, не істеп отырғанын, яғни жалпы іс- әрекетті бақылау жағдайында өзінің дербес ойын, түсінігін мұқият бағалау болып табылады. Бағалаудағы ең ұтымды әдістердің бірі формативті бағалау. Формативті бағалаудың әдістері: бағдаршам, қол белгісі, бір минуттық эссе, формативті тест, формативті сұрау, ішкі және сыртқы шеңбер т.б. Формативті бағалау білім берушілерге сынып оқушыларының үлгерімін анықтап отыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің бағалауы мақтау, мадақтау, тілектер, смайликтер, бұлар арқылы оқушыларды ынталандыруға, қызығушылықтарын оятуға және көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне деген сенімділіктерін арттыруға болады. Жаңа технологиялар жақсы дамыған мына заманда оқушылар өздерінің көңіл күйлерін түрлі смайликтер арқылы білдіре алады. Сабақ соңында оқушылардың сабақтан алған әсерлерін анықтау үшін смайликтер қолдаған дұрыс [3].

Жалпы баға қою білімділікті және шеберлікті талап етеді. Баға бала өміріндегі маңызды оқиға. Алған бағасы арқылы бала өзі туралы ойын қалыптастырып, сыныптағы беделін анықтай алады. Сондықтан баға қою барысында өте мұқият болған дұрыс. Бағалау барысында оқушыларға оқу нәтижелерінің критерийлерін ұсынып отыру, оқудың мақсатына көңіл аудару, өзі іздену арқылы қалай жұмыс сапасын үнемі айтып отыру және ата аналарға оқушылардың жеткен жетістіктерін көрсетіп отыру маңызды болып табылады. Сабақтың мақсатына жету үшін оқытушы да , оқушы да оқудың біліп, түсіне алуы керек. Бірін бірі бағалау арқылы оқушылар өзінде жоқты тауып, өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін түзете алады. Өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін талдайды, нәтижелерін өзі бағалайды. Өзін өзі бағалау бұл тек өзінің жұмысын ғана бағалау емес, пайда болған мәселелерді анықтап соны шешуге әрекет жасау, оқушы тек сабақ барысында тапсырмаларды орындауға ғана емес, сонымен қатар бағалауға да белсенді қатысуы тиіс. Өзін өзі белсенді түрде бағалай алу көздеген нәтижеге жетуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz) Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.

2. К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында».  
– А: «Принт АСС», 2006 ж.

3. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

## **АҒАШТАН БҰЙЫМДАРДЫ СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚТАРДА ЖАСАТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ**

*Авторы: Ахатай А.Ш., «Кәсіптік оқыту» мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.К., аға оқытушы, педагогика  
ғылымдарының магистрі*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

Шығармашылық – шындықпен жеткізілген материалдан адамның жаңа шындықты жасау қабілеті. Шығармашылық-бұл мектептердегі мұғалімдердің назарын аударатын балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жетекші әдісі. Шығармашылық материалды сәтті және әртүрлі түрде игеруге, негізгі және екінші деңгейлерді ажыратуға көмектеседі.

Шығармашылық бұл тақырыпты түсіну барысында жорамалдауды жоғалтуға көмектеседі, өйткені зерттелетін материал студенттердің интеллектуалды және шығармашылық белсенділігінің барлық түрлерін стандартты емес, ашық, мобилизациялаумен қамтамасыз етеді. Шығармашылық процесінде материалды қабылдау тек саналы деңгейде ғана емес, эмоциялық деңгейде де. Мүдделерге деген қызығушылық, олда бар тапсырманы шешуге деген ұмтылыс күшейе түсуде. Білімнің, дағдылардың тиімділігі мен тереңдігін арттыру. Сонымен бірге оқушылар да, мұғалімдер де қанағаттанған.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту жалпы білім беру мектебінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, бірақ соңғы кезге дейін білім беру саласында репродуктивтік білім басымдыққа ие болды, ал шығармашылық компоненттердің үлесі тым аз. Сондықтан мектепте оқыту мен шығармашылық әдістерін кеңінен қолданып, студенттердің танымдық белсенділігін арттыратын құралдарды табу қажет. Білім беру процесінде балалардағы шығармашылық, белсенділік және бірқатар қасиеттерді қалыптастырады, соңына келгенде болашақ жұмысшы, инженер, ғалымның мінезіне оң әсер етеді [1].

Қазіргі уақытта студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі ерекше мағынаға ие болады. Бұл ғылымның, өндірістің, басқарудың, педагогиканың және өнердің барлық салалары шығармашылыққа бейім адамдарға мұқтаж болды. Осыған байланысты, білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне дейін осы негіздегі бітірушіні даярлау міндеті тұр, оның негізі тек кәсіби дағдыларды, бастамашылықты, өз міндетіне емес, шығармашылығын негіздейді. Әлеуметтік-педагогикалық әдістер, адамның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру әдістері, әлеуметтік даму қажеттіліктерін